

## Шектеу іс-шарларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Шарықты ауылдық округінің әкімінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 2 шешімі. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Шарықты ауылдық округінің әкімінің 2023 жылғы 23 мамырдағы № 4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Шарықты ауылдық округінің әкімінің 23.05.2023 № 4 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабының 7 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2023 жылғы 20 наурыздағы №15-4-1/122 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қарқаралы ауданы, Шарықты ауылдық округінің Теректі ауылында орналасқан азамат Сейсенбаев Бауыржанның жеке қосалқы шаруашылығының аумағында ірі қара малдарының арасынан құтыру ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шарықты ауылдық округінің әкімі*

*А. Ногербеков*